

Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 932 қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.04.2024 № 261 қаулысымен.

"Өнеркәсіптік саясат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.04.2024 № 261 қаулысымен.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 21 қарашадағы
№ 932 қаулысымен
бекітілген

Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген ұлттық даму институттарының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.04.2024 № 261 қаулысымен.

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 301; 19.09.2023 № 812; 08.04.2024 № 261 қаулыларымен.

1. Өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық институт:

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

2. Елішілік құндылықты дамыту саласындағы ұлттық институт:

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы

3. Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін ынталандыру саласындағы ұлттық институт:

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы.

4. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 301 қаулысымен.

5. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайыз тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалар:

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;

"Өнеркәсіпті дамыту қоры" акционерлік қоғамы;

"ҚазМедТех" акционерлік қоғамы;

"Kazyna Capital Management" акционерлік қоғамы;

"Astana" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Kokshe" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Ақтөбе" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" өңірлік даму институты" акционерлік қоғамы;

"Атырау" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Ақжайық" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Тараз" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Байқоңыр (Байконур)" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Түркістан" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Павлодар" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Солтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Ұлытау" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Shymkent" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Қонаев" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы;

"Семей" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.12.2025 № 1100 қаулысымен.

6. Шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институттары:

"Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі" акционерлік қоғамы;

"QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.04.2024 № 261 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 21 қарашадағы
№ 932 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Ұлттық даму институттарының және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 450 қаулысы.

2. "KAZNEX INVEST" экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі" акционерлік қоғамын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 наурыздағы № 100 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 8-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 112 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 818 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 10-тармағы.

5. "Даму институттарын басқару жүйесін оңтайландыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 830 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 75 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы.

7. "Қазақстандық индустрияны дамыту институты" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 215 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 8-тармағы.

8. "Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамын "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы деп қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 546 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы.

9. "Сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамын "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" акционерлік қоғамы деп қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 663 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстандық индустрияны дамыту институты" акционерлік қоғамын құру туралы" 2010 жылғы 3 маусымдағы № 508 және "Ұлттық даму институттарының және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" 2016 жылғы 30 шілдедегі № 450 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 959 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

11. "Ұлттық даму институттарының және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруға уәкілеттік берілген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі өзге де заңды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 450 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 521 қаулысы.